

## Өзіңді тексер!

### 1-тапсырма. Кейіпкерді тап.

1. Романдағы тағы бір ең басты кейіпкерлердің бірі. Шыңғыс сұлтанның беделді биі. Ол дәулетті, қатал билердің бірі болған. Ол — ауыр сүйекті, балуан денелі адам. Бар өмірі ат үстінде таза ауада өтіп келе жатқандықтан, үсті-басы қол батпайтын білеудей -білеудей бұлшық ет, бірақ қарны шыққан емес. Діндар адам болғанымен бір кезде аса адуын, озбыр би болатын. Жауабы:

2. Аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, аузы дуалы, сөзі куәлы қоғам қайраткері. Ата-анасының тұңғышы мен жалғыз болғандықтан өте еркін өсіп, еркекшора киінген. Оның сезім байлығы, адамгершілігі, адалдығы, моральдық, тазалығы, ақылдылығы, зеректігі, зерделілігі, парасаттылығы, өткірлігі, өжеттігі келісті де көрікті бейнеленген. Сондай-ақ көркіне мінезі сай биязы да инабатты, сұлу да сымбатты. Сөзге шешен, ақылды да, батыл қыз болып өседі. Мінезі де ашық жарқын, ақ көңіл. Әрі өз ой-пікірін ашық, нақты жеткізетін болған. Кең пейілді, адамгершілігі мол Сибан елінің кедей-кепшігіне қол ұшын беретін әйел. Жауабы:

3. Есенеидің ең сенімді серігі. Ол аздап сыбызғы тартады. «Бозінген», «Боз мұнай», «Сүйір батыр», «Алқа көл», «Алғашқым» деген күйлері бар. Одан соңғы құмары — бір жақсы ат, қонымды киім, серілеу адам. Қалталарында қалампыр жүреді. Әлі ақ кірместен сақал-мұртын жарасымды қырқып ұстайды. Ұлпанды өзінің туған қарындасындай жақсы көріп, оған әрқашан қол ұшын береді және  бір-бірімен  қалжыңдасып  жүре  береді. Жауабы:

4. Біжікеннің күйеуі. Қазақ денелі, кавказ көзді жас жігіт. Ол Сипап қаласында орысша бастауыш мектеп бітірген, өзге замандастарынан өресі биік, білгір де ұтымды, ойын-сауықта жұмысы жоқ, іскер жігіт. Алдамайтын, алданбайтын, адалдығына кір жұқтырмайтын адам болған. Жауабы:

### 2-тапсырма. Бос орынға дұрыс жауаптың реттік санын енгізіңіз.

|    | Жауаптар     |
|----|--------------|
| 1. | қырықтан     |
| 2. | елуден       |
| 3. | жүз жылдық   |
| 4. | елу жылдық   |
| 5. | елу          |
| 6. | қырық        |
| 7. | қырық жылдық |

Роман да қазақ ауылының  тұрмысы, әдет-ғұрпы, барымта, қалың мал беріп, қыз айттыру, бай мен кедей арасындағы, ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы кең көлемде сөз болады.

Екі баласы бір күнде шешектен өлген, бүгінде  асып, ел ағасы болған еңсегей бойлы Есенеиді бір балаға зар болып жүріп, өзінен  жас кіші Ұлпанға ғашық болады.

**3-тапсырма.** Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романына қатысты дұрыс ақпараттарды “+” таңбасымен, қате ақпараттарды “-” таңбасымен белгілеңіз.

| Ақпараттар                                       | +/- |
|--------------------------------------------------|-----|
| 1974 жылы жазылған шығарма                       |     |
| 1976 жылы жазылған шығарма                       |     |
| Ана тақырыбына жазылған шығарма                  |     |
| Есенеиді мен Ұлпанның қыздарының есімі - Біжікен |     |
| Есенеиді мен Ұлпанның қыздарының есімі - Шынар   |     |
| Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығарма      |     |